

# IMB Орталығының қатысуымен болат және металл бұйымдары бойынша КПО техникалық вебинары

Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.

04.03.2025

# ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТАРТУ

Осы слайдттарда көрсетілген ақпарат танысу үшін берілген. Ол ағымдағы жоспарларға сәйкес КПО компаниясының талаптарына алдын ала сипаттамасын білдіреді, бірақ КПО жобаларды жоспарлау және іске асыру барысында осы ақпаратты өзгерту құқығын өзіне қалдырады, сондай-ақ КПО осы ақпаратты пайдалану нәтижесінде туындаған кез келген залалдар немесе шығындар үшін жауапты болмайды. Бұл ақпарат КПО мен семинарға қатысатын мердігерлер арасындағы қандай да бір шартқа енгізілмейді.

Бүгінгі талқылау КПО мен оның мүдделі тараптары жергілікті қамтуды дамыту үшін қабылдайтын көптеген іс-шаралардың бірі болып табылады.

Karachaganak



# 1 Түржиын Локализация мүмкіндіктері

# ПРЕЗЕНТАЦИЯ МАЗМҰНЫ

1. Кен орнының қысқаша сипаттамасы
2. Кіріспе
3. МЕМСТ және Еурокод бойынша түржиын
4. МЕМСТ бойынша құрылымдық болатқа қойылатын талаптар
5. Еурокод бойынша құрылымдық болатқа қойылатын талаптар
6. Жылына тонна тұтыну болжамы
7. Компанияның техникалық шарттарының негізгі талаптары.

# КЕН ОРНЫНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

**Қарашығанақ мұнай және газ конденсаты кен орны (ҚМГКК)**

Қазақстанның мұнай-газ конденсаты кен орны Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданында, Ақсай қаласының маңында орналасқан. Каспий маңы мұнай-газ провинциясына жатады.

1979 жылы ашылған. Өнеркәсіптік игеру 1980-жылдардың ортасында басталды.

Бүгінгі таңда кен орнының операторы – Карачаганак Петролиум Оперейтинг б.в. консорциумы. (КПО б.в.)

Кен орнының сипаттамасы:

- Кен орнының ауданы — 29×16 км;
- Кен орындары тобының жоғарғы шекарасы 3526 м тереңдікте орналасқан. Газ-мұнай қосылуы - 4950 м тереңдікте; су-мұнай қосылуы - 5150 м тереңдікте.
- Кен орнының бастапқы қорлары 1,35 трлн $м^3$ газ және 1,2 млрд т мұнай мен газ конденсатына тең.
- Энергетика министрлігінің мәліметтері бойынша, 2024 жылғы 1 қаңтарда мұнайдың қалдық қоры 253 млн тонна, газдың қалдық қоры 791,7 млрд текше метрді құрады.

# КІРІСПЕ

Қарашығанақ МГКК жобаларын іске асыру үшін жылына 600 тоннадан астам түрлі металл илемі (Қоставрлар, швеллерлер, бұрыштықтар, табақ металл, арматура және т.б.) талап етіледі.

Талаптарға сәйкес жұмыс жобаларына Қазақстан Республикасының МЕМСТ бойынша металл илемі салынады, мысалы МЕМСТ 26020-83 бойынша қоставр. Талдау барысында Қазақстан Республикасының аумағында МЕМСТ 26020-83 бойынша жеткізушіні немесе өндірушіні табу мүмкін болмады. Ресей Федерациясында өндірілген МЕМСТ Р 57837-2017 бойынша металл илемінің жеткізушілері табылды, бірақ МЕМСТ R57837-2017 жаңартылмағандықтан және Қазақстан Республикасының аумағында жарамсыз болғандықтан, оны пайдалану мүмкін емес.

Өз кезегінде металл илемінің болмауы өндірістік шығындарға әкеледі, себебі КПО қажетті өнімді жобаларды жүзеге асыру үшін сатып ала алмайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде бұл презентацияның мақсаты МЕМСТ талабына сәйкес қажетті металл прокатының әлеуетті жеткізушілері мен өндірушілерін іздеу немесе Еурокод талабына сәйкес материалдарды балама жеткізуді ұйымдастыру мүмкіндігі болып табылады.

# МЕМСТ және ЕУРОКОД БОЙЫНША ТҮРЖИЫН

**Қоставрлы арқалық**
- ✓ МЕМСТ 26020-83
- ✓ BS EN10025:2004





**Швеллер**
- ✓ МЕМСТ 8240-97
- ✓ BS EN10025:2004

**Бұрыштықтар**
- ✓ МЕМСТ 8509-93
- ✓ BS EN 10025:2004



**Мәлімделген материалдар**





**Табақтық илем**
- ✓ МЕМСТ 19903-2015
- ✓ BS EN10025:2004

**Арматуралық илем**
- ✓ МЕМСТ 34028-201





**Электр дәнекерленген құбыр**
- ✓ МЕМСТ 10704-91
- ✓ EN 10210-2

# МЕМСТ және ЕУРОКОД БОЙЫНША ТҮРЖИЫН



**Қоставр:** МЕМСТ 26020-83 / ЕУрокод BS EN 10025:2004

- Металл илемінің болаты МЕМСТ, Еурокод және Компания бойынша құрылымдық болатқа қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек. Металл құрылымдары төмен температурада (-40 > t > -50) жұмыс істеуге жарамды, МЕМСТ бойынша 345 Н/мм² және Еурокод бойынша 355 Н/мм² белгіленген ең аз аққыштық шегі бар құрылымдық болаттан жасалуы керек. Металл илемінің сапасы сертификатпен расталуы тиіс.



**Швеллер** МЕМСТ 8240-97 / Еурокод BS EN10025:2004

- Металл илемінің болаты МЕМСТ, Еурокод және Компания бойынша құрылымдық болатқа қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек. Металл құрылымдары төмен температурада (-40 > t > -50) жұмыс істеуге жарамды, МЕМСТ бойынша 345 Н/мм² және Еурокод бойынша 355 Н/мм² белгіленген ең аз аққыштық шегі бар құрылымдық болаттан жасалуы керек. Металл илемінің сапасы сертификатпен расталуы тиіс.



**Бұрыштық:** МЕМСТ 8509-93 / Еурокод BS EN 10025:2004

- Металл илемінің болаты МЕМСТ, Еурокод және Компания бойынша құрылымдық болатқа қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек. Металл құрылымдары төмен температурада (-40 > t > -50) жұмыс істеуге жарамды, МЕМСТ бойынша 345 Н/мм² және Еурокод бойынша 355 Н/мм² белгіленген ең аз аққыштық шегі бар құрылымдық болаттан жасалуы керек. Металл илемінің сапасы сертификатпен расталуы тиіс.

# МЕМСТ және ЕУРОКОД БОЙЫНША ТҮРЖИЫН



**Табақтық илем** МЕМСТ 19903-2015 / Еурокод BS EN10025:2004

- Металл илемінің болаты МЕМСТ, Еурокод және Компания бойынша құрылымдық болатқа қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек. Металл құрылымдары төмен температурада (-40 > t > -50) жұмыс істеугe жарамды, МЕМСТ бойынша 345 Н/мм² және Еурокод бойынша 355 Н/мм² белгіленген ең аз аққыштық шегі бар құрылымдық болаттан жасалуы керек. Металл илемінің сапасы сертификатпен расталуы тиіс.



**Электр дәнекерленген құбыр** МЕМСТ 10704-91 / Еурокод BS EN 10210:2

- Металл илемінің болаты МЕМСТ, Еурокод және Компания бойынша құрылымдық болатқа қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек. Металл құрылымдары төмен температурада (-40 > t > -50) жұмыс істеугe жарамды, МЕМСТ бойынша 345 Н/мм² және Еурокод бойынша 355 Н/мм² белгіленген ең аз аққыштық шегі бар құрылымдық болаттан жасалуы керек. Металл илемінің сапасы сертификатпен расталуы тиіс.



**Арматуралық илем** МЕМСТ 34028-2016

- Техникалық талаптар А240, А400, А500 сыныптарына сәйкес болуы керек. Арматуралық илемнің сапасы сертификатпен расталуы тиіс.

# МЕМСТ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БОЛАТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Металл құрылымдары төмен температурада қолдануға жарамды, берілген ең аз аққыштық шегі 345 Н/мм² болатын құрылымдық болаттан жасалуы керек.

**МЕМСТ бойынша металл құрылымдары болаттарының маркалары - сыртқы атмосфералық температуралардың әсеріне ұшырайтын металл құрылымдары мен құрылыстар.**

а) Барлық болаттар төмен температурада (-40 > t > -50) жұмыс істеуге жарамды С345 және одан жоғары маркаларға сәйкес болуы керек.

Б) Болаттың барлық маркалары МЕМСТ 27772-2021 «Құрылыс болат құрылымдарына арналған илем. Жалпы техникалық шарттар» талаптарына сәйкес болуы керек.

в) Барлық болаттар МЕМСТ 9454-78 «Металдар. Төмен, бөлме және жоғары температура кезінде соққы иілімін сынау әдісі» сәйкес U-тәрізді кесілген концентратормен соққы тұтқырлығына сынақтан өтуі тиіс

г) С345 маркалы болаттар және одан жоғары болаттар -40ºС температурада U-тәрізді кесІлген Шарпи әдісімен соққы тұтқырлығына сынақтан өтуі тиіс. Минималды энергия мәндері қалыңдығы 4 мм-ден 10 мм-ге дейін 39 Дж/см², ал қалыңдығы 10 мм-ден асқан жағдайда - 34 Дж/см² құрайды.

**МЕМСТ бойынша металл құрылымдарына арналған болат маркалары - Жылытылатын ғимараттың ішіндегі құрылымдар мен құрылыстар.**

а) Барлық болаттар С255 маркасынан жоғары болаттарға сәйкес болуы тиіс, олар төменгі температураларда (-20°С > t > -30°С) пайдалану үшін жарамды.

Б) Болаттың барлық маркалары МЕМСТ 27772-2021 «Құрылыс болат құрылымдарына арналған илем. Жалпы техникалық шарттар» талаптарына сәйкес болуы керек.

в) Барлық болаттар МЕМСТ 9454-78 «Металдар. Төмен, бөлме және жоғары температура кезінде соққы иілімін сынау әдісі» сәйкес U-тәрізді кесілген концентратормен соққы тұтқырлығына сынақтан өтуі тиіс

г) С255 маркалы болаттар және одан жоғары болаттар -40ºС температурада U-тәрізді кесІлген Шарпи әдісімен соққы тұтқырлығына сынақтан өтуі тиіс. Минималды энергия мәні орташа есеппен 29 Дж/см² құрайды.

# ЕУРОКОД БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БОЛАТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Металл құрылымдары төмен температурада қолдануға жарамды, аз аққыштық шегі 355 Н/мм² болатын құрылымдық болаттан жасалуы керек.

## Ашық құрылымдар мен құрылыстарға арналған Еурокод бойынша құрылымдық болат маркалары

| -45°C-қа ДЕЙІНГІ СУЫҚ ОРТАҒА АРНАЛҒАН ҚҰРЫЛЫМДЫЛЫК БОЛАТ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Материал** | Берілген марка және стандарт* | Соққы сынақ температурасы, Шарпи бойынша V-тәрізді кесік мәндері | Материалдар бойынша нақты шектеулер | Қолдану жағдайы | Дәнекерлеу |
| **Илем профильдері мен пластиналары қалыңдығы 40 мм-ге дейін (қоса алғанда).** | BS EN 10025-3: S355NL | -45°C, 27J мин. орташа 20J мин. жеке | Қолданылатын материал толығымен тотықсыздандырылған болуы керек және ескірген немесе суық күйде болмауы керек. | Барлық құрылымдық элементтер | 45 ° C – кезінде соққылық әсеріне сынақтар жүргізу талап етіледі |
| **Ыстықтай илемделген профильдер мен табақтар қалыңдығы 40 мм-ге дейін (қоса алғанда).** | BS EN 10025: 355EM | -45°C, 27J мин. орташа 20J мин. жеке | Жоғарыда айтылғандай | Жоғарыда айтылғандай | Жоғарыда айтылғандай |
| **Тұтқалар, тік сатылар және еден жабыны (қалыңдығы 15 мм-ден кем).** | S EN 10025-1: S275J2 | -20°C, 27J мин. орташа 20J мин. жеке | | Тек тұтқалар, тік баспалдақтар және еден жабыны | |
| **Диаметрі 30 мм дейінгі сомындар мен бұрандамалар** | **BS 3692: Gr 8.8 | -45°C, 27J мин. орташа 20J мин. жеке | | Құрылымдарды бекітуге арналған барлық бұрандамалар | |

# ЕУРОКОД БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БОЛАТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

## Жылу жүйесі бар ғимараттар мен құрылыстарға арналған Еурокод бойынша құрлымдық болат маркалары

| ЖЫЛЫТЫЛАТЫН ҒИМАРАТТАРДЫҢ ІШІНДЕ ОРНАЛАСҚАН БОЛАТ ҚҰРЫЛЫМДАРҒА АРНАЛҒАН ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БОЛАТ (-20 ° С дейін) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Материал** | Берілген мара және стандарт* | Соққы сынақ температурасы, Шарпи бойынша V-тәрізді кесік мәндері | Материалдар бойынша нақты шектеулер | Қолдану жағдайы | Дәнекерлеу |
| **Илем профильдері мен табақтары қалыңдығы 40 мм-ге дейін (қоса алғанда).** | BS EN 10025-1 S275JR немесе S355JR | -20°С, 27J мин. орташа 20J мин. жеке | Жоқ | Барлық құрылымдық элементтер | - 20 ° С – кезінде соққылық әсеріне сынақтар жүргізу талап етіледі |

# КОМПАНИЯНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАРЫ

Karachaganak

## КОМПАНИЯНЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ

- ✓ **KPO-00-CVS-DTD-00104** – Болат құрылымдардың бөлшектері Жалпы ақпарат.
- ✓ **KPO-00-CVS-SPC-00005**– Ғимараттар мен құрылыстарға арналған болат құрылымдар. Материалдар және дайындау.
- ✓ **KPO-00-CVS-STD-00001** – Бетон бөлшектері. Жалпы ақпарат.
- ✓ **KPO-00-ENG-DTD-00003-ER** – Қоршау бөліктері.
- ✓ **KPO-00-CVS-DTD-00095** – Типтік бөлшектер. Баспалдақты марштар.
- ✓ **KPO-00-CVS-DTD-00096** – Типтік бөлшектер. Болат тұтқалар.
- ✓ **KPO-00-CVS-DTD-00097** – Типтік бөлшектер. Болат тік баспалдақтар.
- ✓ **KPO-00-CVS-DTD-00098** – Типтік бөлшектер. Болат еден жабыны

## ҚР және Еурокод ТАЛАПТАРЫ

- ✓ **МЕМСТ 26020-83/BS EN10025:2004** - Сөрелердің параллель қырлары бар ыстықтай илемделген болат қоставрлар. Түржиын
- ✓ **МЕМСТ 8240-97 /BS EN10025:2004** - Ыстықтай илемделген болат швеллерлер Түржиын
- ✓ **МЕМСТ 8509-93/BS EN10025:2004** - Ыстықтай илемделген тең сөрелі болат бұрыштықтар. Түржиын
- ✓ **МЕМСТ 19903-2015 /BS EN10025:200** - Ыстықтай илемделген табақтық илем. Түржиын
- ✓ **МЕМСТ 10704-91/EN 10210-2** - Тікелей тігісті электр дәнекерленген болат құбырлар. Түржиын
- ✓ **МЕМСТ 34028-2016** - Темірбетон құрылымдарына арналған арматуралық илем. Техникалық шарттар
- ✓ **МЕМСТ 27772-2021** Болат құрылымдарды салуға Жалпы техникалық шарттар

## ІЛЕСПЕ ҚҰЖАТТАМА

1. Материалдар спецификациясы
2. Өнімнің шығу тегі туралы сертификат
3. Сынақ хаттамасы

# IMB ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

**БОЛАТ ЖӘНЕ МЕТАЛЛ БҰЙЫМДАРНА АРНАЛҒАН КПО ТЕХНИКАЛЫҚ ВЕБИНАРЫ**

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕР

## ІРІ ОПЕРАТОРЛАР

КҮШ-ЖІГЕРДІ БІРІКТІРУ
САНДЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ҰСЫНУ

NCOC NORTH CASPIAN OPERATING COMPANY
Karachaganak
TCO ТЕНІЗШЕВРОЙЛ

**ОПЕРАТОРЛАР ДЕРЕКТЕРІН БІРІКТІРУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ**

**АДВОКАТТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

IMBC International Machine Building Center

**ОТАНДЫҚ НАРЫҚТЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ**

**ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТРАНСФЕРІ**



## ҮКІМЕТ

ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ
ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖӘНЕ СУБСИДИЯЛАР

## МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕС ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТРАНСФЕРІ



16

# ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТУДЫРАТЫН ТАУАРЛАР

**Қажеттіліктерді талдау және жергіліктендіру басымдықтарын белгілеу кезінде біз FPAL кодтау жүйесін қолданамыз.**

**FPAL тауар кодтары**

1.01
Бұрғылау жабдықтары

1.02
Тиеу-түсіру жабдықтары мен материалдар

2.99
Басқа өнімдер / жабдықтар мен материалдар

| А тауар тобы | В тауар тобы | С тауар тобы | D тауар тобы |
|---|---|---|---|
| 1.09 Электр жабдықтары мен материалдары | 1.04 Сорғылар мен тығыздағыштар | 1.02 Тиеу-түсіру жабдықтары мен материалдар | 1.03 Компрессорлар, желдеткіштер және олардың құрамдас бөліктері |
| 1.10 БӨАмА | 1.11 Технологиялық сүзгілер | 1.07 Жылу алмастырғыштар / Жылуалмасу жабдықтары | 1.05 Қозғалтқыштар және олардың құрамдас бөліктері |
| 2.02 Клапандар және олардың құрамдас бөліктері | 1.12 ЖЖАБ | 1.16 Өртке қарсы жабдықтар | 2.03 Болаттан және металдан жасалған бұйымдар |
| | 2.01 Құбыр өнімдері | 2.07 Химиялық заттар / Майлар / Бояулар | 2.11 Шеберханаға арналған жабдықтар мен қол құралдары |
| | | 2.08 Оқшаулағыш / отқа төзімді материалдар | |

Жоғарыда аталған тауар топтары бойынша сатып алу деңгейі үш оператордың **барлық тауар сатып алуларының 75%-дан астамын** құрайды **

** Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің жағдайлық-талдау орталығының статистикалық деректеріне сәйкес*



17

# ТАУАР ТОПТАРЫ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

| | А тауар тобы | В тауар тобы | С тауар тобы | D тауар тобы |
|---|---|---|---|---|
| Қажеттіліктерді талдау | 35 000 тауар позициялары | 55 000 тауар позициялары | 7 000 тауар позициялары | 12 000 тауар позициялары |
| Синергия арқылы анықталған жоғары сұранысқа ие тауар түрлері | Тауарлардың 22 түрі | Тауарлардың 19 түрі | Тауарлардың 27 түрі | Тауарлардың 39 түрі |
| Нарыққа талдау жүргізу, қолжетімді дереккөздерден алынған кеңейтілген тізім | 90-нен астам өндіруші | 100-нен астам өндіруші | 80-нен астам өндіруші | 150-нен астам өндіруші |
| Қызығушылық , танытқан өндірушілерге бару | 81 кәсіпорынға бару жүзеге асырылды | 73 кәсіпорынға бару жүзеге асырылды | 50 кәсіпорынға бару жүзеге асырылды | 55 кәсіпорынға бару жүзеге асырылды |
| Жоғары сұранысқа ие тауарларды өндіретін өндірушілердің шорт-листі | Іріктелген 23 кәсіпорын | Іріктелген 16 кәсіпорын | Орындалуда | ӘА |
| Жалпыланған техникалық талаптар | 12 ЖТТ әзірленді | 8 ЖТТ әзірленді | Орындалуда | ӘА |
| Әлеуетті дамыту | әлеуетті дамыту бойынша 8 жоспар әзірленді | әлеуетті дамыту бойынша 4 жоспар әзірленді | ӘА | ӘА |
| Әлеуетті дамыту жоспарларын жүзеге асыру | Ұсынылған 3 өндіруші | Ұсынылған 2 өндіруші | ӘА | ӘА |
| Локализация жағдайлары | 13 инвесторлармен бірлесіп әзірленген | 5 инвесторлармен бірлесіп әзірленген | 4 инвесторлармен бірлесіп әзірленген | 1 инвесторлармен бірлесіп әзірленген |

**Операторларға берілетін ұсынымдар**

# ҚАЖЕТТІЛІКТЕР: D ТАУАР ТОБЫ

## БОЛАТТАН ЖӘНЕ МЕТАЛДАН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАР



Табақтар мен пластиналар (көміртекті, тот баспайтын болат, алюминий және басқа материалдар)
**24,860 дана/кг/м2 / қума метр**



Торлар
1,589 т



Шыбықша (алты қырлы, жалпақ, қола), арматура, бұрыштықтар, швеллер және т.б.)
**152,734 дана/кг/м2 / қума метр**



Мойынтіректер (шарикті, тіреуіш) және оларға арналған қосалқы бөлшектер.
**46,959 дана/қаптама/тонна**



Сыналы белдік 3 261 дана



Бекіту материалдары (анкерлер,сомындар, шайбалар, штифттер, қақпақшалар, бұрандамалар, бұрамалар, шплинттер)
**4,567, 818 дана//қаптама/тонна**


19

technicalsupport@imbc.kz

+ 7 (7172) 39-99-66

www.imbc.kz

*IMB Орталығы ұсынатын өндірушілердің әлеуетін дамытуға қолдау көрсету қызметтерінің ауқымы мен ерекшелігі шектеулі және өндірушінің Операторлардың талаптарына сәйкес өз өнімін жеткізуге дайындығына байланысты жеке тәртіпте ұсынылады.*

*IMB Орталығының көмегі әлеуетті өндіруші тарапынан қандай да бір жауапты әрекеттерге жүктемейді. IMB Орталығының қызметтері Операторлардың сатып алу процестеріне өндірушінің сәтті қатысуы және/немесе келісімшарттар жасасу үшін кепілдік болып табылмайды.*



# КПО жеткізушілерінің дерекқоры

# КПО ЖЕТКІЗУШІЛЕРІНІҢ ДЕРЕКҚОРЫ



# ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІ ТІРКЕУ

## Барлық әлеуетті жеткізушілер КПО жеткізушілерінің дерекқорында тіркелуі керек

**ТІРКЕУ ПРОЦЕССІ**

**ТІРКЕУ**

Келесі туралы ақпаратты ұсыну:

- техникалық құзырет
- тауарлардың және/немесе жұмыстардың және/немесе қызметтердің мәлімдеген санаттары бойынша тәжірибе
- персоналдың болуы
- қаржылық айналымдар
- т.б.

**ЭТИКАЛЫҚ СЕНІМДІЛІКТІ ТЕКСЕРУ**

КПО заңды талаптарына сәйкес этикалық сенімділік дәрежесін анықтау:

- Қазақстандық және шетелдік заңнаманың талаптарына сәйкестігі
- КПО ішкі нормативтік актілерінің талаптарына сәйкестігі
- құрылтайшылардың тізімдерін ұсыну

КПО жеткізушілерінің дерекқорында тендерге қатысуға немесе келісімшарт алуға кепілдік бермейді. Алайда тіркелген компания қажеттілік туындаған жағдайда тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ұсыну үшін нарықты зерттеу, алдын ала біліктілік процесі немесе тендерге қатысуға үміткер ретінде қарастырылуы мүмкін екенін білдіреді.

# ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІ ТІРКЕУ

- КПО жеткізушілерінің бірыңғай деректер қорында тіркелу үшін:
  - Сауалнаманы жүктеп алыңыз – https://kpo.kz/ru/postavshchikam/registracija-v-baze-dannykh-postavshchikov-kpo
  - Жеткізушілерді алдын ала бағалау үшін сауалнаманы толтырыңыз және қызмет кодтарын белгілеңіз;
  - Құжаттардың қажетті көшірмелерін қоса беріңіз;
  - Жеткізушілерді алдын ала бағалау және тіркеу үшін толтырылған құжаттар топтамасын MIVQ@kpo.kz электрондық мекенжайына жолдау қажет.
  - Байланыс телефон нөмірлері: +7 (711336) қосымша. 4943, 4946, 2192.

- КПО барлық жеткізушілерді көрсетілген тіркеу деректерін тұрақты негізде жаңартуға шақырады:
  - тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мәлімделген санаттары бойынша тәжірибе;
  - сертификаттау, аттестаттау;
  - қайта құрылым;
  - байланыс тұлғалардың ауысуы.

# НАРЫҚТЫ ЗЕРТТЕУ

**МАҚСАТЫ**

- КПО талаптарына сәйкес жұмыстардың қажетті көлемін орындау үшін тауарлар-дың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің әлеуетті жеткізушілерін айқындау
- КПО тендерін өткізу кезінде еркін бәсекелестікті қамтамасыз ету

**ПРОЦЕСС**



# «БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕ» ЖҮЙЕСІ






Karachaganak



# Сатып алу процесі

# ТЕНДЕР ПРОЦЕСІ

Karachaganak

КПО өзінің сатып алу қызметін келесіге сәйкес жүргізеді:

- Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісім (құпия және тек КПО, серіктес-компаниялар және Қазақстан Республикасы қолдануы үшін) және Қарашығанақ жобасын басқару жөніндегі бірлескен комитеттің тендерлік ережелері
- Қолданыстағы заңнама
- Бекітілген бюджет және Жұмыс бағдарламасы

## ПРОЦЕСС

1. НАРЫҚТЫ ЗЕРТТЕУ / БІЛІКТІЛІКТІ АЛДЫН АЛА БАҒАЛАУ
2. ТЕНДЕРГЕ ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРУ
3. ТЕНДЕРЛІК КЕЗЕҢ
4. ТЕНДЕРЛІК ҰСЫНЫСТАРДЫ БЕРУ
5. ТЕНДЕРЛІК ҰСЫНЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ
6. КЕЛІСІМШАРТ БЕРУ
7. КЕЛІСІМШАРТҚА ҚОЛ ҚОЮ
8. КЕЛІСІМШАРТТЫ ОРЫНДАУ

# ЕРЕКШЕ НАЗАРДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ










**ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАРДЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

**ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАРДЫ E-BIDDING ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**
**(Нұсқауларға сілтеме)**

**ТЕНДЕРГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚТАР**

**ТЕНДЕРЛІК ҰСЫНЫСТАР БЕРУ КҮНІ/УАҚЫТЫ**

# ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ

1. Ілеспе хат
2. Міндетті түрде қол қйылуы, мөрмен куәландырылуы және белгіленген мерзімде ұсынылуы тиіс нысандар:
   - Хабарлама және құпиялылық туралы келісім нысаны;
   - Тендер нысаны;
   - Корпоративтік меншік туралы куәлік және Белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы өтініш.
3. Тендер нысанына тікелей қатысты құжаттама:
   - Келісімшарт нысаны, соның ішінде:
     Келісім нысаны
     А қосымшасы «Жалпы ережелер мен шарттар»
     В қосымшасы «Жеткізілетін ТАУАРЛАР/ көрсетілетін қызметтер және ерекшеліктер көлемі»
     С қосымшасы «Өтемақы және төлем»
     «D» қосымшасы – Келісімшарттың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша талаптары
     Е қосымшасы «Жергілікті қамту туралы ерекше ережелер»
     F қосымшасы «Жергілікті қамту туралы ақпарат»
     Н қосымшасы «Өндірістік қатынастар»
   - Тендерге қатысушыларға сауалнама
   - Тауарлардың тізбесі және жеткізудің техникалық шарттары (егер қолданылса)
4. Тендерлік ұсынысты дайындау бойынша нұсқаулық:
   - Тендерге қатысушыларға нұсқаулық
   - Тендерлік ұсынысты таңбалау үлгісі



# ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы КПО-ның жалпы талаптары

# ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы КПО-ның жалпы талаптары

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- Жұмыс көлемі
- Мердігердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жөніндегі жоспары
- Сәйкестік




**МЕРДІГЕР ОРЫНДАУҒА ТИІС РӘСІМДЕРДІҢ МИНИМАЛДЫ ТІЗІМІ**

**КЕЛІСІМШАРТТЫ ОРЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

❖ Көшбасшылық және міндеттеме
❖ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы саясат
❖ Жоспарлау
  - *Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау туралы заңнама*
  - *Қатерлерді басқару*
❖ Ұйымдастыру
  - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ персоналы*
  - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша құзыреттілікке қойылатын талаптар*
  - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша оқыту және нұсқау беру*
  - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша ақпаратпен алмасу*
  - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жиналыстары*
  - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ процедуралары*












❖ Іске асыру
  - *Жабдыққа техникалық қызмет көрсету және тексеру*
  - *Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік гигиена мен санитария*
  - *Қоршаған ортаны қорғау*
  - *Жол қауіпсіздігі*
  - *ЖҚҚ-ға қойылатын талаптар*
  - *Апаттық әрекет ету саласындағы өзара іс-қимыл*
  - *Қосалқы мердігерлерді басқару*
❖ Бақылау және мониторинг
  - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ Бақылау және туралы хабарлауға*
  - *Оқиғаларды тергеу*
  - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ аудиттері мен тексерулері*
  - *ҚТ бойынша есептілік*
  - *ҚОҚ бойынша есептілік*



# Жергілікті қамтуды қолдау жөніндегі механизмдер

# ЖЕРГІЛІКТІ КОМПАНИЯЛАРДЫ ҚОЛДАУ МЕХАНИЗМІ

**СЫНАМА ТАПСЫРЫС**

Жергілікті жеткізушілерден ТАУАРЛАРДЫҢ сынақ партиясын сынауға арналған тендерлер.

**ЕРТЕ ТЕНДЕР**

Кейінге қалдыру шартымен немесе ұзақ мерзімді жеткізу кестесімен ТАУАРЛАРДЫ жеткізуге арналған келісімшарттар жасалатын тендер түрі.

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕНДЕР**

Тек қана жергілікті жеткізушілер арасында өткізілетін тендерлер. Мақсаты - келісімшарттарды Қазақстандық ТЖҚ жеткізушілерімен жасасу.



## **ИНВЕСТИЦИЯҒА АЙЫРБАС** КЕЛІСІМШАРТЫ (ҚАЙТА ҚАРАУ КЕЗЕҢІ)

**Инвестицияға айырбас келісімшарты** конкурссыз негізде жасалған ұзақ мерзімді келісімшарт, оған сәйкес жеткізуші Қазақстан Республикасы аумағында сатып алу келісімшартының мәні болатын жергілікті тауарларды өндіруге міндеттенеді.

## НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!